



Qazaq Green сертификаттау бағдарламасы Qazaq Green Certificate

Qazaq Green сертификаттау бағдарламасының стандарты

Жобалардың тұрақты даму мақсаттарына қойылатын талаптар – Біріккен Ұлттар Ұйымының (ТДМ) Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге енгізілген салым негізінде жобалау қызметінің тұрақтылығын көрсетуге қойылатын талаптар.

1.0 нұсқасы

1. Qazaq Green сертификаттау бағдарламасы парниктік газдар шығарындыларын азайту және Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын іске асыру жөніндегі ерікті іс-қимылдарды, сондай-ақ осы іс-әрекеттердің қоршаған ортаға және қоғамға оң әсерін көтермелейді.
2. Qazaq Green сертификаттау бағдарламасының стандарты (QGCP стандарты) негізінде іске асырылатын парниктік газдар бойынша жобалар қоршаған ортаға және қоғамға оң әсер етуі және көрсетуі тиіс.
3. Қоршаған ортаға және қоғамға жағымды әсерлерді анықтау мен көрсетудің жалпы тәсілі ретінде CGMP стандартына сәйкес жүзеге асырылатын жобалау қызметіне Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге қосқан үлесін қарастыра алады.
4. Жобаны әзірлеушілер жобалық қызметтің оң әсерін, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесімен байланысты мүмкіндіктерді қарастырып, анықтайды және оларды парниктік газ жобаларының жобалық құжаттамасында сипаттайды.
5. Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) – кедейлік пен кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікпен күресуге, планетаны қорғауға және бүкіл халық үшін бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық қабылданған мақсаттар. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының қарарымен тұрақты дамудың 17 мақсаты қабылданды және әрбір ТДМ үшін оларға сәйкес келетін бірқатар міндеттер айқындалды.
6. QGCP стандартының негізінде іске асыру үшін парниктік газдар бойынша жобалар жоспарларын дайындау кезінде жобаны әзірлеушілер жобалық қызмет елеулі үлес қосатын ТДМ анықтайды және мүмкіндігінше оны бағалау үшін нысаналы индикаторларды белгілейді.



7. QGCP стандартына сәйкес іске асырылатын жобалық қызметтің салымын іске асыру жөніндегі ақпарат парниктік газдар жөніндегі есептерде қоршаған ортаға және қоғамға әсер ету бөлімінде көрсетіледі.

Қосымша. Біріккен Ұлттар Ұйымының 17 тұрақты даму мақсаты

- 1-мақсат. Кедейлікті барлық нысандарда жаппай жою
- 2-мақсат. Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу
- 3-мақсат. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету
- 4-мақсат. Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығына өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыру
- 5-мақсат. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту
- 6-мақсат. Барлық адамдар үшін су ресурстары мен санитарияның болуын және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету
- 7-мақсат. Барлығына арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету
- 8-мақсат. Үдемелі, толық қамтылған және орнықты экономикалық өсуге, толық және нәтижелі жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмысқа жәрдемдесу
- 9-мақсат. Тұрақты инфрақұрылым құру, жан-жақты және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу
- 10-мақсат. Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту
- 11-мақсат. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық орнықтылығын қамтамасыз ету
- 12-мақсат. Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілеріне көшуді қамтамасыз ету
- 13-мақсат. Климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы шұғыл шаралар қабылдау*
- 14-мақсат. Тұрақты даму үшін мұхиттарды, теңіздер мен теңіз ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану
- 15-мақсат. Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды пайдалану, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері қайтару және биоәртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату
- 16-мақсат. Тұрақты даму мүддесі үшін бейбіт және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығына сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және кеңінен қатысуға негізделген мекемелер құру

СЕРТИФИКАЦИОННАЯ ПРОГРАММА
QAZAQ GREEN CERTIFICATE



QAZAQ GREEN CERTIFICATION
PROGRAMM

QAZAQ GREEN

- 17-мақсат. Тұрақты даму мүддесінде жаһандық әріптестік шеңберінде жұмысты жүзеге асыру құралдарын нығайту және жандандыру